

Бейбіт ҚҰСАНБЕК




БІР СӘТ ЖӘНЕ
БҮКІЛ ҒҰМЫР



Алматы
«Раритет»
2012





ӘОЖ 821.512.122
ҚБЖ 84 Қаз-7
Қ 78

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Қ 78 **Құсанбек Б.**

Бір сәт және бүкіл ғұмыр / Бейбіт Құсанбек. Құраст.: Ғ. Исахан. – Алматы: Раритет, 2012. – 368 б.

ISBN 978-601-250-168-1

Белгілі журналист Бейбіт Құсанбектің теледидардағы ғұмыры оқиғаларға, жаны жарқын жақсы азаматтармен кездесулерге толы болды. Ол өзі сұхбаттасқан, араласқан әр адамның жан дүниесін терең түсінді.

Шамның жарығы айналасын нұландырып, сәулесімен төңірегін шапағатқа бөлесе, Бейбіт бейнесі де мол шуағымен, толайым бейнетімен қымбат. Ол жасаған хабарларда рух биіктігі, халық қамы, ел бірлігі, оның шын ниеті мен жүрек сыры көрініп тұратын. «Бір сәт және бүкіл ғұмыр» хабары да – отандық телеарнаның «Алтын қорында» сақталып, теледидар арқылы сан мәрте көрсетіліп жүрген жобалардың бірі. Бұл кітапта сол хабарлардың бірқатары қағаз бетіне түсіріліп, оқырман қауымға жол тартып отыр.

ӘОЖ 821.512.122
ҚБЖ 84 Қаз-7

ISBN 978-601-250-168-1

© Құраст. Ғ. Исахан, 2012
© «Раритет» баспа компаниясы, 2012

Бір сәт және бүкіл ғұмыр



*Артағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де өлмегенмен боласың тең.*

А б а й

Данышпан Абай қазақтың «Көзі қалды дегені – баласы қалды дегенін» де, «Сөзі қалды дегені – өзі қалды дегенін» де, сірә, білген шығар. Шын таланттың шығармашылығы ел жадында мәңгі сақталмақ.


Өмірден ерте озған белгілі тележурналист, университетте бірге оқыған досымыз Бейбіт ҚҰСАНБЕКТИҢ көрермен көңілінің төрінен орын алған «Өмір – өзен», «Үркер», «Таразы», «Нысана», «Ойталас», «Дәуірнама», «Ел ағалары», «Тіл» секілді танымал хабарлары күні бүгінге дейін жұртшылық сүйіспеншілігіне ие десек артық айтқандық болмас.

«Бір сәт және бүкіл ғұмыр» – ақын, сазгер, сан қырлы талант иесі Бейбіт ҚҰСАНБЕКТИҢ өмірінің соңына дейін эфирде үзілмей шығып тұрған бағдарламаларының бірі еді.

Енді, міне, сол еңбек марқұмның жары, сөз қадірін танитын, архив ісінің білгірі Ғазиза Тұрмағанбетқызының зерттеп-зерделеуінің, екшеп-елеуінің, құнттап-құрастыруының арқасында жеке кітап болып жарық көрді. Оған Қазақстан Республикасы Жастар Одағы сыйлығының лауреаты, ҚР Президенті сыйлығының иегері Б. ҚҰСАНБЕКТИҢ 2001–2006 жылдар аралығында «Хабар» теларнасы арқылы жүргізген «Бір сәт және бүкіл ғұмыр» жобасының 139 хабары еніп отыр.

Әр кезеңдерде фотоаппарат назарына іліккен тұлғалар бейнесі «стоп кадр» әдісімен «көгілдір экраннан» оқшауланып көрінсе, әр сурет өзінше бір тарихи сәттің ақиқатын ақаусыз баяндайды. «Бір сәт және бүкіл ғұмыр». Бұл – бір суреттің тарихы туралы тұшымды әңгіме. Бұл – тарихи есімдер мен тар жол, тайғақ кешкен тағдырлар хақындағы қалтқысыз қайырылған сыр. Хабарға өзек болған суреттер тақырыбы арқылы қилы кезеңдер сұлбасы сұрыптала келіп, сұм саясаттың құрбаны болған арыстар аруағына рухани тағзым іспетті естелік еңсе тіктейді.

Кей тұста бұрын белгілі бола қоймаған тың суреттер сөйлесе, енді бірде басылым беттерінде жарық көрген көбіміздің көзімізге шалынып үлгермеген белгілі бейнелер алдымыздан жаңғыра ұшырасады. Нартай Бекежанов, Нұрлыбек Баймұратов, Әлкей Марғұлан, Әнуар Әлімжанов пен Әбіш Кекілбаев, Сағат Әшімбаев, Әбдіраштың Жарасқаны, Рахымжан Қошқарбаев, ресейлік Кляшторный мен Моңғолия қазағы Бәзілхан, Өзбекәлі Жәнібеков, Қалтай Мұхамеджанов, Серке Қожамқұлов, Қали Жантілеуов, Асанәлі Әшімов пен Оралхан Бөкей, Тоқтар Әубәкіров пен Мұрат Қалматаев, Нұрлан Мәукенұлы,



Бекзат Сағтарханов сияқты алты алашқа аты мәшһүр азаматтардың рухани ажары айқындықпен алға тартылып, арғы-бергі тарихтан қозғалған аламан ой арқа қоздырады.

Кітаптың тағы бір құндылығы – оқырман бір ғасырлық тарихы бар, көне фотосуреттерге куә болады. Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Сұлтанмахмұт, Шәкәрім қажы, Ақыт қажы, жыр жұлдызы Таңжарық, атақты әнші Әміре, Мәшһүр Жүсіп, Қажымұқан сынды саңлақтардың сан жылдар бойы сағым оранған сарғайған жауһарлары жан сарайыңды жақұттай жарқын ойға бөлейді.

Жинақталған хабарлар мағына-мазмұнына орай «Алаш арыстары», «Ай қабақ – асыл жарлар», «Өнер өрімдері», «Жырым – сырым», «Ғылым ғибраты», «Жыр дүлдүлі, күй күмбірі», «Қаһармандық қайнары», «Қаламгерлер қайраты» атты бірнеше тақырыпқа топтастырылған.

«Хабар» телеарнасында «Бір сәт және бүкіл ғұмыр» айдары аясында 300-ден аса хабар дайындалса, кітапқа соның 139-ы еніп, аталмыш кітаптың алғашқы томын құрайды.

Бағдарлама өзегі әдебиет, мәдениет, өнер, ғылым, спорт саласындағы белгілі есімдердің фотосуреттерін көрсете отырып, осы арқылы тұлғаның кескін-келбетін, өмірі мен өнерін замандастары мен зерттеушілер әңгімесіне арқау ету болып табылады. Экраннан Бейбіттің өзі көрінбегенмен, жүздеген фотосуреттерді тауып, тарихи шежіреге тіл бітіру, жай баяндай салмай, сол арыстардың көзін көрген, өмірде сырлас, қанаттас болған жандардың ой-толғауы арқылы есті естелік қалдыру журналист қаламының қара нардай қуатты қажыр-қайратын көрсетеді.

Қаламгерлік сол қуаттың баспа өнімі арқылы көрініс табуы оқырманға басқаша әсер түйгізеді.

Театр тарландарының, композиторлар мен ақындардың, ғалымдар мен қаһарман батырлардың, қаламгерлер мен жезтаңдай әншілердің, жекелеген азаматтардың кейінгі ұрпақтары жайындағы қызықты сырлар қияннан қымбат маржан тергізеді.

Бейбіт дайындаған әр хабарынан оның тек өзіне ғана тән журналистік қолтанбасы көзге ұрып тұрады.

Ол қазақ телеарнасының қазақы болмысын жоғалтпауға атсалысты, туған халқының мүддесіне мүдірмей қызмет етті. Қазақтың тілі, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрып, әдебиеті мен мәдениеті үшін шырылдап шыңға ұмтылған қазақтың бір қайраткері – Бейбіт ҚҰСАНБЕК екені кәміл.

Бейбіт Зейноллаұлы айналасындағыларды білімімен, өнерімен ғана тамсандырып қоймай, жанының тазалығымен тез баурап алатын.

Талантты тележурналистің бұл жинағы осы салада еңбек етіп жүрген жастар үшін тәлім-тәрбиесі мол тағылымды еңбек болып қалмақ.

Дархан МЫҢБАЙ,

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі

Алаш арыстары



*Қаралы тарихыңмен телегейсің,
Тығылып құмда қалған кемедейсің.
Арыстар қыршыын кеткен еске түссе,
Басы жоқ, жанталасқан денедейсің.*


Б. Құсанбек. «Өлең – Өзім» кітабынан



1907 ж.

Бақытжан Қаратаев пен Ахмет Бірімжанов

Марат Әбдеи, Орталық мемлекеттік мұражайдың аға ғылыми қызметкері: Бұл сурет Орталық мұражай қорынан алынған. Орталық мұражай қорына 1970 жылдары ел арасынан құндылықтар жинағанда, атап айтқанда, алаш зиялысы Ахмет Бірімжановтың баласы Батырбек ағайдан алынған болатын. Суретте екінші Дума мүшелері Бақытжан Қаратаев пен Ахмет Бірімжанов түскен. Бұл сурет 1907 жылы маусым айларында Санкт-Петербургте түсірілген. Жанында, артында тұрған Орынбор губерниясынан сайланған орыс депутаты.



Кеңес Нұрпейісов, тарих ғылымдарының докторы, профессор: Бақытжан Байсалұлы Қаратаев 1860 жылы Орал облысының Қаратөбе өңірінде дүниеге келді. 1890 жылы Петербург университетінің заң факультетін бітірді. Ал Ахмет Бірімжанов Бақытжан Қаратаевтан 10 жас кіші. Бұл кісі 1870 жылы Торғай өңірінде дүниеге келді де, 1927 жылы дүниеден қайтты. Бақытжан Қаратаев 1934 жылы қайтыс болды. Бұл екеуінің шыққан тегі де мықты. Бақытжан Қаратаев Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың тікелей ұрпағы, Әбілқайырдың шөбересі, Қаратай сұлтанның немересі. Ал Ахмет Бірімжанов болса, Орта жүздегі үлкен тайпа арғындардың ішінен шыққан атақты батыр Жәнібектің тікелей ұрпағы.

Марат Әбдеи: Ахмет Бірімжановтың әкесі Қорғанбек атақты адам болған, сол Торғай облысындағы бір атақты Боранбай деген ақын Ахмет Бірімжанов туғанда, бата берген екен. Сол батасын оқып берейін:

*Дүниеге жаңа келген мырзаңызды,
Қытшаққа Балғожадай кеңесті қыл,
Арғында Қазыбектей әдісті қыл.
Көтеріп дара басын артық етіп,
Бір басын қатарынан он бесті қыл.
[Деңгердей бекей қол]* тақтылы қыл,
Керей деп, Бекентай деп, бақтылы қыл.
Жанайдай ақылы асқан кемеңгер қыл,
Шегендей ашуланса, бәрін де қыл.
Алты айда ақ қошқардай айбатты қыл,
Төрт ұлы Жанайдардай қайратты қыл,
Достандай отыз ұлды перзентті қыл.
Дұғамды, хақ тағала, қабыл ет,
Мырзанды алты алашқа құрметті қыл, –*

дейді.

Расында да, ол кейін, мына батада айтқандай, Ахмет Бірімжанов алты алашқа әйгілі болған қазақтың асыл перзентінің бірі болды.

Бір қызығы, Бақытжан Қаратаев Петербург университетін, Ахмет Бірімжанов Қазан университетін алтын медальмен бітірген. Сол кездегі оқи алмайды деген халықтардың өзі, бұратана халықтың өзі Ресейдің кілегейі шыққан университетін алтын медальмен бітіруінің өзі көп жағдайды білдірсе керек.

Кеңес Нұрпейісов: Бақытжан Қаратаев университет бітіргенде 1890 жылдан 1897 жылға дейін, 7 жыл бойы алыста Грузияның Кутаиси қаласында өз мамандығы бойынша еңбек етті де, бірінші орыс революциясына байланысты елге оралды. Ал Ахмет Бірімжанов 1895 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітіргеннен кейін, өзінің

* Естілуі бойынша жазылып отыр.

туған еліне қайтып, өз мамандығы бойынша еңбек етті. Бұл екі кісінің қоғамдық-саяси өмірінің қалыптасуы бірінші орыс революциясына дәл келеді. Екеуі де Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты болды да, сол Думаның жұмысына, әсіресе Ахмет Бірімжанов бірінші Думада белсенділік көрсетті, оған дәлел, сол кісінің 1906 жылғы Ресей думасының шілде айында болған мәжілісінде сөз сөйлеп, Қазақстандағы жер мәселесі, Қазақстан қоныс аударушыларының тағдыры, жаппай қоныс аударушыларға байланысты қазақ жерінің тарылуы деген мәселені көтерсе, Бақытжан Қаратаев екінші Мемлекеттік Думаның 1907 жылғы 16 мамырдағы мәжілісінде 10 минутқа жуық сөз сөйледі, одан артыққа уақыт берген жоқ. Ол сөзінде қазақ жері кең, бірақ қазақ жерінің сан мыңдаған халықтың тұрмысы үшін жайылымдығын тарылтып жатыр, шабындығын басқа жұрт иемденіп жатыр, сондықтан біздің жеріміздің тұрғылықты халықтарына Ресейден көшіп-қону зиян болмаса, біз қарсы болмас едік, бірақ осы мүмкіндікті қараңыздар, барлығы заңды түрде шешілу керек еді деді.

Марат Әбдеи: Екінші Думада Ахмет Бірімжанов далалық әскер флотын жою туралы комиссияға мүше болды. Ал Бақытжан Қаратаев аграрлық комиссияға мүше болды. Бұлар өзі әр жерлерде, Бақытжан Қаратаев кадет корпусына сайланған кезде, Думаға барғанда мұсылмандар фракциясына кірген болатын. Ал М. Тынышпаев кадет фракциясына кірген. Бірақ бұл екінші Думаның кейін өмірі ұзақ болмады, үкіметтің шешімімен бұлар да тарап кетті.

Кеңес Нұрпейісов: Екі азаматтың кейінгі тағдыры, әсіресе 1917 жылы ақпан-қазан революциясынан кейінгі тағдырлары көзқарас жағынан қарама-қарсы жағдайда болды. Мысалы, Бақытжан Қаратаев 1919 жылдан бастап, Коммунистік партияның мүшесіне өтті, ал 1918 жылы Орал өңірінде Кеңес үкіметінің орнауына тікелей қатынасты. Алғашқы Кеңестік типтегі қазақ қарулы күштерінің ұрысына қатысты, бірінші атты әскер бригадасын құрды, Орал өңірін ақтардан босату күресіне қатынасты, 1917 жылы шілде айында, қазақ өлкесін басқаратын революциялық комитет деген құрылған, сол революциялық комитеттің мүшесі болды. Одан кейінгі жылдар біраз уақыт Кеңес қызметін атқарды да, азамат соғысы аяқталғаннан кейін, бұл кісі өзінің 1934 жылға дейін Ақтөбеде ғылыми жұмыстарға байланысты мемуарларын жазды, 1934 жылы 74 жасында өмірден аттанып кетті.

Марат Әбдеи: Дума таратылғаннан кейін, Дума мүшелерін партия үкіметінің шешімімен өз жерлерінде жұмыс істеуге, қызмет істеуге рұқсат бермеді. Ахмет Бірімжанов Поволжьедегі Бұзылық қаласындағы революциялық төңкеріске дейін сонда қызмет атқарды. Ал кейіннен Ахмет Бірімжанов жалпы қазақтық Алаштың екі съезіне қатысып, осы

съезде Алаш Орда үкіметінің 15 министрінің бірі боп сайланды. 1927 жылы қатты ауырып, Ленинградта қайтыс болды.

Кеңес Нұрпейісов: Ахаңнан жақсы ұрпақ қалды, бұл кісінің 3 перзенті болған. 1915 жылы бірінші туған ұлы, Батырбек аға Ахметұлы, кейін үлкен ғалым болды, Қазақстанда химия ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Көп жылдар химия факультетінде, Ұлттық университеттің деканы боп істеді. Ол кісінің алдын көрдік, химик болмасақта, сөзін тыңдадық. Ал Ахаңның Іңкәр деген қызы биология ғылымының докторы болып, көп жылдар медицина институтында ұстаздықпен айналысты. Ал енді Бақытжан Қаратаевтың ұрпағын көп зерттеген жоқпын, бір шөбересі бар, осында «Қайнар» деген университетте жұмыс істейді, тарих ғылымдарының кандидаты. Сондықтан да өте қажетті, өте тарихи, қымбат сурет екен, бұл суретте қазақ халқының ірі тұлғалары берілген.



1908 ж.

Гимназист Ораз Жандосов пен әкесі Қиқым

Сәкен Қиқымов, Алматы поштасының директоры: Жамбыл мен Қиқым ағамыз кезінде дос болған. Екеуі құрдас, бірге жүріп, сол ауылда тойларда, жиындарда Жамбыл ағамызбен араласып, бір-біріне қонаққа келіп тұрған. Кейін Ораз, енді өзі белгілі мемлекеттің қайраткері болғаннан кейін, үкімет басшысы болып, сол себепті оған «Оразға» деген өлең жазылып еді. Сол өлеңнің басында, негізі көбісі Қиқым жайлы,

әкесі жайлы, менің атам жайлы жазғаны бар. Соның кішкене 3 шумағын ғана оқып берейін:

*Тас өртеген жұмысшы әкең сенің,
Қоймаған Қаскелеңнің ойын, кенін.
Сені апарып орысқа беріп еді,
Оқысын деп сүйретіп ескі көңін.*

*Тастың тілін білетін әкең Қиқым,
Белгілі сенің шешең Дәрмен сылқым.
Енді міне үкімет басқарасың,
Бір кезде болмаса да жалғыз жылқың.*

*Қазыбек арғы атаң жауды қуған,
Дұшпаннан бір тайпа елді қорғап тұрған.
Сен дағы бабаңа ұқсап батыр тудың
Қасыңа, қаһарланса, қармақ құрған...*

Гүлишат Нұрымбетова, тарих ғылымдарының кандидаты: 1918 жылы Ораз Жандосов бар болғаны 18–19 жастағы балаң жігіт. Ал коммунистік партияның сол кездегі ұрандарына ондай балаң жігіттің сенбеуі мүмкін емес еді. Ресей Федерациясының құрамына енген әр республикаға, әр халыққа өздерінің тәуелсіздігін береміз, өз еріктерін береміз деген идеялары, қай халықтың өкіліне болсын, сенімді болды. 1919 жылы Жетісу өңіріндегі Мұсылмандар бюросының төрағасы қызметін атқарған. Мінекей, осы төраға қызметін атқара жүріп Ораз Жандосов көптеген жаңа бастамалардың бастауында тұрған. Сонан бірнеше мысал келтіріп кеткім келіп тұр. Мысалы, ол сол кездің өзінде, біз бүгін тәуелсіздігімізді алғанымызға 10 жылдан* асса да, бірақ әлі күнге дейін өз дәрежесінде шешімін таппай жүрген қазақ тілі мәселесін көтерген. Ол барлық аудандардан, ауылдардан құжаттарды, жалпы хат, жеделхаттарды қазақ тілінде жүргізуді талап еткен. Тек орыс тілінде емес, бір жылда ғана көптеген қаулылар шығарған, іс-қағаздары қазақ тілінде, жергілікті тұрғындарға түсінікті тілде жүргізілсін деген. Мұсылмандардың мейрамы дейміз, ораза айт пен құрбан айттың уақытысында қызмет жасайтын мұсылмандарға осы мейрам күндері үш күн демалыс беруді өтінген. Сонымен бірге олардың еңбекақысын мейрамның алдында ерте бергізіп, оларды осы мейрамды жақсылап тойлауына бүкіл мүмкіндікті жасаған. Енді ол жалғыз Мұсылмандар бюросының төрағасы болып шектеліп қалған жоқ, сол кезде өзінің шешендігін, іскерлігін көрсетуінің нәтижесінде деп айтуға болады, ол бірте-бірте осы облыстық деңгейдегі революциялық комитеттің төрағасы қызметіне көтерілген. Мінеки, осы қызметінде жүргендегі бір ісінің өзі, оның қазақ халқына деген жанашырлығын көрсетеді.

* Хабар 2004 жылы жазылған.

1921 жылы Верный қаласының атауын Алматы қаласына ауыстырған бұйрықта осы Ораз Жандосовтың қолы тұр.

Сәкен Қиқымов: Мына суретке байланысты айта кетейін дегенім, 1908 жылы баласын Верный ерлер гимназиясына дайындаушы класқа алып келген болатын. Бұл кезде Қиқым атамыз қалай орыс тілін білген, қалай баласын гимназияға алып келген? Бұл былай болған, оны маған айтқан Қиқымның кіші баласы Мүсірәлі. Қиқымның 4 ұлы болған, үлкені Ораз, содан соң Оразтай, Оразәлі, Мүсірәлі. Дәрмен апамыздан тараған 4 ұл, 2 қызы болған, ал оның алдында бірінші әйелінен Исалы, Мұса деген 2 ұлы болған, одан да ұрпақтар бар. Оның кіші ұлы Мүсірәлінің айтқаны, үлкен жеңгеміздің айтқаны, кезінде Қиқымның анасы: Қиқым атамыз бұзықтық жасағанда сабады дейді, сол кезде қашып кетіп, Семен Люборецкий деген Қаскелеңдегі үлкен бай кісі болған, соның үйіне барған, оның балалары болмаған, соның көмекшісі болып, Семен деген орыстан сол кезде орыс тілін үйренген.

Гүлишат Нұрымбетова: 1921 жылы Алматы облыстық төңкерістік комитеттің төрағасы қызметін атқарып жүріп, Алматы есімін қайтарды, сонымен бірге осы өңірдегі жер-су реформасына белсене атсалысқан. Белсене дегенім, ол, сол кездегі қаулылармен таныссақ, бірінші кезекте, шырайлы жерлерге жергілікті халықты орналастыру, содан кейін ғана басқа ұлт өкілдерін орналастыруды көрсеткен. Бірақ сол кездің өзінде оған осы іс-әрекеті үшін ұлтшыл деген ат таңылып, жер-су реформасы 1921–1922 жылдары Жетісу өңірінде толығымен жүзеге асырылған жоқ.

Сәкен Қиқымов: Қаскелеңде известь тауып, өндіріп, соны шығарады ғой. Бірінші пеші бар Қаскелең сайында. Қазір әлі күнге дейін орындары сақталып қалған. Известь шығарып, өзі орысша үйренгеннен кейін, баласын оқуға береді ғой, білім алсын деп, ол кезде білім алу үшін төлеу керек болатын. Сонда Қиқым атамыз оқудың ақысын известьпен төлейді.

Гүлишат Нұрымбетова: Архивтік материалдарға қарасаңыз, онда үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, әрі хатшысы болып Голощекин қызметке тағайындалғанға дейін жарты жыл бұрын жұмысқа кіріскен. Енді бұл Голощекиннің тобындағы, я болмаса Голощекиннің жақтасы деп айтуға себепкер болған 1926 жылғы пленумдағы оқиға деп ойлаймын. Осы пленумдағы сөйлеген сөзіне байланысты тарихшылар Ораз Жандосовты тапшыл көзқарастағы марксизмді жақтаған қайраткер деп әлі күнге дейін дұрыс бағаламай жүр. Бірақ 1926 жылғы пленумдағы сөйлеген сөзінде, ол ауылдағы мәселелерді таптық негізде шешуге ұсынады. Бірақ менің ойымша, сол кездегі мақалалары мен баяндамаларымен танысатын болсақ, онда оны уақытша шара деп білген. Одан

кейін ары қарай қазақ ауылын реформалауды басқаша жалғастырамыз деген үмітте болған. 1937 жылы тұтқынға алынып, 1938 жылы наурыз айында атылған.




1908 ж.

Санкт-Петербург, 1908 жыл. Студенттер Халел, Ғұбайдолла, Нұрғали

Ғарифолла Әнес, «Арыс» қорының президенті: Бұл біз көріп отырған фотосуретте қазақтың үш үлкен азаматының жастық шағы берілген. Бұл Халел Досмұхаметов, Ғұбайдолла Бердиев және Нұрғали Ипмағамбетов. Бұл үшеуі 1908 жылы 25 тамыз күні Петерборда түскен. Біз бұл суреттің түпнұсқасын Х. Досмұхаметовтың қызы Қараш апайдан алдық. Соның сыртында «Петербург 1908 жыл 25 тамыз» деп жазулы тұр екен. Х. Досмұхаметов пен Н. Ипмағамбетов екеуі Петербордағы императорлық әскери медициналық академияны бітірген, екеуі де сонда оқыған. Ал енді Ғұбайдолла Бердиев болса, Қазанның дәрігер институтында оқыған, бұл да дәрігер, шамасы сол каникул кезінде Петерборға келгенде үш мұраттас, үш армандас, үш дос бірге түскен болу керек.

Аманқос Мектеп, филология ғылымдарының кандидаты: 1905 жылы Ресейде болып жатқан өзгерістерді өз көзімен көрген Халел, Петерборда оқып жатқан Нұрғали Ипмағамбетұлы, Мұхамеджан Тынышпайұлы сияқты қазақ зиялылары басқа да ұлттың өкілдерімен бірігеді. Оның ішінде Кусков деген украинның аты аталады, Животинский деген еврейдің аты-жөні аталады. Осы кісілер әрбір ұлт дербес мем-



лекет болу керек деген, әрбір ұлт өкілі автономия болу керек, Ресейдің құрамына саяси бірлестікпен ену керек деген ой-пікірлерін газет-журналдарда, арнайы митингілерде сөйлеп, өзінің ойын білдірген. Соған орай бұл кісілердің соңына мемлекеттік бақылау органдары түскен болу керек. Себебі, бұл кісілердің қай-қайсысының архивінде кезінде қайда барды, не істеді, не қойды, кіммен хат алысты дегеннің барлығының бір данасы түсіп отырғандығына кейінгі зерттеу жұмыстарымызды сол архивті аралаған кезде, КНБ-да жатқан материалдарды қараған кезде көзіміз жетті. Ал енді Х. Досмұхаметов 1909 жылы аталған академияны бітіргеннен кейін, Пермь облысында қызмет жасаған, кейін 1911 жылы Қазақстанға, Оралға келген.

Ғарифолла Әнес: Ғ. Бердиев туралы айта кетсем, 1885 жылы қазіргі Атырау облысы, Қарашығанақ деген ауылда туған. Ғ. Бердиевтің әкесі Есқали, атасы Мүсірәлі сол жердегі атақты болыс болған, дәулетті кісілер болған. Кейін Оралда, Гурьевте училищеде оқып жүріп, 1903 жылы Қазалыдағы мал дәрігерлік институтына түсіп, оны 1909 жылы бітірген. Кейін олар «Алаш» қозғалысына қатысып, сол жердегі Омар Қараш сияқты, Бақытжан Қаратаев сияқты адамдармен бірге әртүрлі партиялар құрып, 1917 жылы шілдеде өткен Орынборда бірінші азаттық съезге осы Орал облысынан депутат болып келді. Кейін ол денсаулығына байланысты елде жұмыс істеді, бірақ 1919 жылы туберкулез ауруы қатты асқынғаннан ауылына қайтып кетеді. Сонан кейін сол аурудан оналмай 1921 жылы көктемде қайтыс болады.

Аманқос Мектен: Ғасыр басында біздің қазақ басына төнген үлкен апат, індет деп айтуға болады, ол оба ауруы. Осы оба ауруына, енді менің өз пікірім, оқыған, тоқыған материалдарды түйіндей отырып, өзіме мынадай ой келді. Осы империя эксперимент жасаған жоқ па дегендей ойлар келеді. Себебі, мындаған адамның өмірін алып кеткен осы дерт, індет туралы дәрігерлеріміз, жалпы ғалымдар кейін зерттей жатар, бірақ маған осындай ой келеді. Осы індетке қарсы дәрігерлер, әсіресе қазақ дәрігерлері көп еңбек еткен. Соның бірі – Халел. Мұның әрбір күні 12 күнге саналған. Халекең енді әскери офицер, дәрігер болғандықтан, ол жарғы бойынша 25 жыл қызмет ету керек еді мемлекетке. Бірақ әрбір күні 12 күнге саналатын осы обаға қарсы Халекең өзі сұранып, халқым, мындаған адам қырылып жатқан кезде, мен оқуды не үшін оқыдым, өлсем, халқымнан артық емеспін деп, осы дертпен күресуге білек сыбанып шығады. Кейін осы дертке қарсы үлкен еңбектер жазады, ол еңбекті Халекең ақталғанша біз білген жоқпыз, бұл дүниежүзінде оқытылады екен, дүниежүзінде Халекеңнің осы еңбектері іс жүзінде пайдаланылады екен.

Ғарифолла Әнес: Ал енді бір-екі ауыз сөз Н. Ипмағамбетов туралы айтып кетсем, жалпы қазақ халқында ондаған Ипмағамбетовтер белгілі.

Мысалы, Әмірғали Ипмағамбетов, Әнуар Ипмағамбетов, Меңдігерей Ипмағамбетов деген, бұл өзі оқыған, сондай өнегелі үлкен әулет. Мысалы, айтамыз ғой, Бірімжановтар әулеті, Жантөриндер әулеті деген сияқты, осындай үлкен әулет.

Жалпы Ипмағамбетовтер әулетінде қызық болған. Мысалы, Меңдігерей Ипмағамбетовті бүкіл қазақ жақсы біледі, енді ол революционер ретінде танылса, ал оның туыстары, Нұрғалилар керісінше «Алашорданың» құрамында болған. Бірақ бір-біріне көмектесіп жүрген. Қазір енді «Батыс Алашордасы» туралы соңғы кездері ғана табылып жатыр. Жалпы олар біреуі қызылдар жағында, біреуі ақтар жағында болғанымен, негізінен елдің тыныштығын, амандығын сақтап қалу үшін, майдан шебінің біресе бір жағына, біресе екінші жағына өтеді, әйтеуір халықты сақтау жолында жұмыс істеген. Ал енді Нұрғалидың бір ерекшелігі, әсіресе соғыс жылдарында үлкен ерлік көрсетіп, подполковник шенін алды. Кейін орыс армиясының полковник шенін алды және үлкен армияның әскери қызметін басқарған.

Аманқос Мектеп: Кеңестер Үкіметі тұсында Халекең, Лениннің амнистиясына байланысты Алашорданың көсемдері түгел ақталды, кеңес үкіметіне тартылды. Кейін енді Халекең өз мамандығы бойынша Ташкентте тұңғыш қазақ-қырғыз институтында психология, физиология т.б. осындай пәндерден сабақ берді. 1937 жылы қайтадан репрессия басталған кезде, Халекең сияқты азамат қайтадан ұсталды.



Студент Мұстафа Шоқай

Мәмбет Қойгелдиев, тарих ғылымдарының докторы, профессор: Бұл кезде Мұстафа Шоқай Ташкентте болған. Өйткені 1902–1910 жылдар аралығында Ташкентте гимназияда оқыды. Гимназияны өте үздік оқыған, екі адам гимназияның соңында біреуі алтын, біреуі күміс медальға ұсынылған, соның біреуі М. Шоқай болатын. Ал енді М. Шоқайдың ол кездегі өмірі өте қызық, қарасаң Қызылорда қаласынан 20–30 шақырым жерде Сұлутөбе деген жер бар. Сол стансының жанында «1-май» деген ауыл бар, сол ауылда Шоқайдың туыстары қазір осы уақытқа дейін тұрады. Бұдан 1–2 жыл бұрын мен сол жерде болдым, сол кісілермен сөйлестім. Шоқайдың туып-өскен жерінде болдық. Ол жерде қазір ауыл жоқ екен, құм басқан қалың сексеуіл. Сонда бізді алып барған кісі мына жерде мешіт болған, сол мешітте Шоқай оқыған, бұл жерге жұрт келіп тұратын деп көрсетті.



1910 ж.

Ғазиза Исахан, Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеттің бас сарапшысы: Мұстафа Шоқай десек, біздің көзімізге ылғи да дөңгелек жүзді, орта жастағы адам елестейді. Ол мүмкін бізде айналыста жүрген суреттерден көргендіктен болар, солай санамызға сіңіп қалған. Ал Санкт-Петербургтың тарихи мұрағатында Мұстафа Шоқайдың Санкт-Петербург университетінде оқып жүргендегі жеке іс-қағазы бар, сонда бір сурет бар екен. 1910 жылы университетке қабылдауын сұрап ректордың атына жазған өтінішінде осы суретті қоса берген. Бұл суретті Ташкентте Назаров деген фотограф түсірген. Шама-сы 20 жастың ар жақ, бер жағындағы балаң кезі болу керек.

Мәмбет Қойгелдиев: Мұстафа Шоқайдың туып-өскен жерінде «1-май» ауылы бар, сол ауылда қазір ағайындары тұрады. Сол ағайындары біраз қызық әңгімелерді айтты. Осы Ташкентте оқып жүргенде ауылдағы кісілер ылғи Мұстафаны іздеп, кімде-кім Ташкентке бара қалса, Мұстафаға соқпай өтпейді екен, жолықпай қайтпаған. Ал енді бір қызығы сол, сонда бір кісілер айтты, ағайындар жылда осы ауылдан шығып, Ташкентте орыс гимназиясында өте жақсы оқып жатқан Мұстафаның оқуына сүйсініп, бәрі бір-бір қара малдан береді екен. Сол ауылда жиналған малды бір кісі Ташкентке базарға айдап апарып, сатып, соның ақшасын Мұстафаға беріп отырған. Оқуы сәтті жақсы жүрсін деп ағайындары қолдау жасап отырған. Ол кезде жалпы оқу деген өте қиын болған. Мысалы, шәкірт ауылдан кеткен уақытта, ауылға жылдап келе алмаған, қатынасу өте қиын, сондай жағдайда қаржылай көмек берудің мәні өте үлкен болған. Ал енді Мұстафа сол кезде гимназияда оқып жүргенде саяси өмірге кәдімгідей белсене кірісіп, араласып кеткен. Ағайындары айтады, Мұстафаға барған кезде, көбінесе ауылдан, елден, сол төңіректегі адамдар өздерінің жергілікті билікке, генерал-

губернатор әкімшілігіне жазатын арызын Мұстафаға жаздырады екен. Мұсекең оны алдымен қазақша жазады, сосын орысшаға аударарды екен. Бүкіл төңіректегі Сырдария ол кезде уезд емес. Жалпы Перовск уезінің қазақтарының бәрі үшін кәдімгі жергілікті орыс әкімдігінің жалғастырушысына, сол орыс әкімшілігіне жергілікті халықтың арыз-тілегін жеткізетін тұлғаға айналған Мәкеміз.

Ғазиза Исахан: Мұстафа Шоқайдың өміріне, қызметіне қатысты еңбектер жазылып жатыр, шығармалары түгенденіп жатқандай, деректі фильм түсірді, хаттары да баспасөз беттерінде жарияланып жатыр десек те Мұстафа Шоқайдың өміріне, қызметіне қатысты толық, жан-жақты түрде зерттеулер әлі жазылған жоқ. Шығармаларының толық жинақтары әлі шығарылған жоқ, хаттары түгелдей жинастырылып, түгелденген жоқ, бұл бір жағынан түсінікті де, себебі бұл кеңестік идеологияның әсері болса, екінші жағынан Мұстафа Шоқай мұраларының шетел мұрағаттарында жатуы. Мұстафа Шоқай мұралары берісі Ташкент, Түркия, әрісі Ресей, Франция, Германияда тағы сол сияқты шетелдердің мұрағаттарында.

Мәмбет Қойгелдиев: Гимназияны бітіргеннен кейін Самсонов әкімшілігі, генерал-губернатордың кеңсесі оны сонда қалуға жұмысқа шақырған. Бірақ Мұсекең онда қалмай Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түсуге аттанып, емтиханды жақсы тапсырып, сонда оқуға түскен. 1917 жылға дейін Мұстафа Шоқай Петербургте студент болып жүрді. 1914 жылы Петербургте студент бола жүріп, ол Әлихан Бөкейхановтың тікелей ұсынысымен, мемлекеттік Думаның Мұсылмандар фракциясының хатшысы болып белгіленеді. Ал енді сол кездің өзінде Мұстафа Шоқай Ташкентте бастаған қызметін, әсіресе халықтың, қазақ халқының арыз-тілегін, енді орталық билікке жеткізуші тұлғаға айнала бастайды. Ол кезде мынадай салт болған. Жазда студенттер каникулға шығады, каникулға шыққанда Әлекең сияқты ірі тұлғалар оларға тапсырмалар береді, сендер жазда ауылға барып, босқа қайтпаңдар, елдің арасына барып, елдің жағдайын біліп, қандай мәселе қинап жатыр, соны түсініп, соны қорытып, сол елдің арасында арыз-тілек, жаңа фактілер, тұжырымдар болса алып келіп, сол Думада Мұсылмандар фракциясы деген бөлім бар, сол бөлімге тапсырыңдар деген, тапсырма беріп отырған. Қазақ студенттері, татар студенттері, басқа Петербургта оқитын мұсылман студенттері жазда ауылдарына кеткенде, осындай міндеттер атқарып отырған.

Ғазиза Исахан: Сол Петербург университетінде оқып жүргендегі студенттік сынақ кітапшасы, Ташкенттегі ерлер гимназиясында оқығандағы кәмелеттік аттестаты, жыл сайын оқу үшін төлеп тұрған, оқу ақының түбіртектері, соның бәрі жеке ісінде сақталған. Тағы бір назар

аударатын мәселе, Мұстафа Шоқай өзінің жазған арыздарының бірінде өзі тұрған үйдің мекенжайын көрсетеді. Бұл Санкт-Петербургтың 7 аралдан құралған Неваның солтүстік жағалауындағы Петербург деп аталатын ауданында Провянт көшесінде тұрған. Ұзындығы 200 метрден тұратын осы көше XIX ғ. бері бар екен, ал үй – Провянт көшесі 10-үй, 25-пәтер әлі күнге дейін сол жерде бір ғасырдан астам уақыт бойы сақталып тұр.



1913 ж.

Сұлтанмахмұт пен «Айқап» жанашыры Фазыл

Серік Қирабаев, академик: Сұлтанмахмұттың өмірі ғажайып, қызық, сонымен бірге ауыр өмір кешкен адам. XX ғ. басы Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың «Қазақ, ояныңдар» деген жар салуымен басталды ғой. Ол сөзсіз, орыс революционерлерінің XX ғ. басындағы әсері. Бұратана халықты азаттыққа үндеді, бұрын оқу-ағарту идеясын ұстанған Абайдың жолына осы кезде азаттық үшін күрес идеясы келіп қосылды. Міне, осы тұста оянған қазақ жасының кәдімгі типтік бейнесі осы Сұлтанмахмұттың өзі деп ойлауға болады. Бұл кезде Сұлтанмахмұт есейіңкіреп қалған кезі, 18–19 жасқа келіп барып, оқу іздеді. Сұлтанмахмұттың оқу іздеп, өз маңында бармаған жерлері

жоқ. Троицкіге барды, Томскіге барды, Семейге барды, тағы басқа қалалардың біразын аралап, бастауыш мектепке оқуға жасы келмей, ересектер мектебінде оқуға сауаты жетпей Сұлтанмахмұт көп қиналған адам. Сол қиналып жүріп, өз творчествосын бастады. Сұлтанмахмұт ХХ ғ. басындағы қазақтың артта қалып отырған мешеу күйін көріп, қатты сынап, кейін соған кектене, өзінің айтуы бар:

*Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам?*


Оны біреулер «кегіне» емес, «көгіне» деп оқып жүр.

*Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам? –*

деп, Сұлтанмахмұт осындай үлкен мұрат, биік мақсат ұстаған ақын.

Марат Әбдеи, *Орталық мемлекеттік мұражайдың ғылыми қызметкері*: Осы фотосуретте қарап отырсақ, Сұлтанмахмұт және жанында белгісіз адам түскен. Бұл қалай енді Сұлтанмахмұттың суреті, Мұхамеджан Сералин үйіне келді деп есептесек, белгілісі – Мұхамеджан Сералин тұсында С. Торайғыров та 1913 жылдары «Айқаптың» хатшысы болған еді Троицкіде. Енді Троицкіде болғаннан кейін, бір-бірімен қатынасып тұрды, 1913 жылы Троицкіде түскен сурет екен. Бұны түсірген Троицк фотостудиясының белгілі фотошебері Доткинши.

Серік Қирабаев: Арғы аталары Торайғыр бай болғанымен, өзінің әкесі кедей болған. Әбубәкір кезінде Шоқпыт атанған, үстінде жаман шалбар, ескі киіммен жүрген болу керек, мал баққан шаруа. Өзі Баяндікі, Торайғырдың немересі. Ал қайын жұрты Қызылту ауданындағы, қазіргі Көкшетауда, (ол кезде Омбыға қарайтын) Қарауыл деген ру бар ғой, сонда Шабар деген атақты байдың қызы екен. Сол қайын жұртына барып күн көрген ғой. Сұлтанмахмұттың өзі сол Қызылтуда туған. Кейін 5 жасқа келгенде, 3 жастағы Бәшен деген інісімен екеуі, шешесі қайтыс болып, содан кейін Шоқпыт өңіріне алып келгенде, кейінгі өмірі Баянда өткен. Міне, осы жоқшылық көп қолын байлаған, соның себебінен ол оқи алмай, соңынан Зайсанға кетеді, осы ызаға шыдамай кеттім дейді өз күнделігінде, Сұлтанмахмұттың күнделігі Жүсіпбек Аймауытовтың архивінде кетті. Жүсіпбектің 1930 жылы жазған мақаласында Сұлтанмахмұттың күнделігінен алынған 200 өлеңі бар. Соның бірінде, «ел-жұртқа көрінетін көзім қалмады, оқимын деген мақсатыма жете алмадым, елге көрінбейін деп, ызаға шыдай алмай, ең болмаса алысқа Зайсанға кеттім», – дейді. Сол жақта бала оқытқан. Сол жақта жүріп, бірқатар шығармаларын жазған.



Марат Әбдеи: «Жанындағы екінші адам кім?», – деп сұрадым, Раушан апай білмейтін боп шықты. Сол кездегі Сұлтанмахмұтты көрген-білген-ау дейтін 70-жылдары біраз адамдарды кездестірдім, әсіресе Серәлі Қожамқұлов, Аймановтардың тұқымдарынан, бірақ бәрі де білмейтін боп шықты. Серәлінің тұқымының балаларымен де, кезінде Серәлімен бірге болған адамдармен де кезіктім. Сонымен біраз 2–3 жылдай іздестіру жұмыстарын жүргіздім, еш нәтиже болмады, болмаған соң, енді болмайтын нәрсе ғой деп қойдым. Содан күндердің күнінде Торғай облысына кезекті іссапармен бардым, барғанда Арқалықта өлкетану музейінде болдым, онда көмек көрсете отырып, сондағы қызметкерлермен әңгімелесе отырып, сөз арасында айтты, осы Арқалықтың түбінде М. Серәлинмен кезінде бірге таныс болған, бірге жұмыс істеген бір ақсақал тұрады деді. Ол Исмайлов Мірсалық деген кісі екен. Алматыға келгеннен кейін, қолма-қол хат жаздым. Хат жазып, ішіне суретті де, сыртындағы қолтаңбасын да қосып беріп жібердім. Содан 1–2 ай өткеннен кейін жауап хат келді. Жауап хатында Мірсалық ағай Сұлтанмахмұттың суретін тапқанына рақметін айтып, ризалығын білдіріп, осы жанындағы кісіні танымын деді. Ол Қостанай уезі, Тобыл өзенінің бойындағы, Далбар болысының атақты қыпшақ, қарабалтаның биі, Наурызбай бидің ауылында өскен Фазыл Әбутәліпұлы деген деді. Бұл Фазыл Әбутәліпұлы Троицк маңында алтын кеніште жұмыс істеген екен, осы суреттің сыртындағы қолтаңба, Сұлтанмахмұттың бірден-бір сақталып қалған қолтаңбасы екен. Ол қолтаңба біздің Орталық музейдің қорында. Қолтаңбада «інім М. Серәлинге ұмытпастық белгі. «Айқап» секретары С. Торайғыров. 1913 жылы 25 қараша» деп жазылған.

Серік Қирабаев: 1920 жылы Солтүстікте Кеңес үкіметі қайта орнады ғой, соны әділдіктің үкіметі деп түсініп, өзі әділдік қайда деп іздеді ғой «Адасқан өмір» поэмасында. Сонда әділдік жолы осы болады деп үміттенді ғой. Соған барып, өзі ауру күйінде революциялық комитеттің бастығы болып қызмет істеуге құлшыныс білдірді, бірақ денсаулығы жарамай, үлкен жұмыстарға араласа алмай қайтыс боп кетті. Міне, осының барлығында ел үшін, елдің азаттығы үшін, елдің тәуелсіздігі үшін, егемендігі үшін ұмтылған азаматтың үлкен бейнесі тұрады. Сұлтанмахмұт Торайғыровты біз осылай деп түсінуіміз керек. Кезінде олай тарттық, бұлай тарттық, Сұлтанмахмұт өз заманының ізденімпаз, үлкен тұлғасы.






1914–1915 жж.

Алаш көсемдері – Әлихан, Ахмет және Міржақып

Кеңес Нұрпейісов, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі: Мына көз алдарыңыздағы сурет үлкен тарихи мәні бар құжат болып табылады. Өйткені мұнда ХХ ғ. басындағы қазақтың реформаторлық қозғалысының негізін қалаушылар, оны «Алаш қозғалысы» деп те атаймыз, соның негізгі үш белді қайраткерлері отыр. Оның біріншісі – «Алаш» қозғалысының негізін қалаушы, ХХ ғ. бірінші ширегіндегі қазақ халқының саяси көсемі, ірі мемлекет қайраткері болған Әлихан Бөкейханов (ортада), ал екінші отырған – ғасыр басындағы қазақтың рухани көсемі деп атауға болатын Ахмет Байтұрсынов (сол жақта). Бұл кісі – орта білімді мұғалімдік біліміне қарамастан ұлы ақын, ұлы жорналшы, ұлы ғалым-тюрколог болған кісі. Ал үшінші отырған – Міржақып Дулатов (оң жақта). Ақындығы, жазушылығы өз алдына, бұл кісі қазақтың тұңғыш романы «Бақытсыз Жамалды» жазған. Ал енді бұл кісінің анау екі ағамен салыстырғандағы ерекше қасиетін айтатын болсақ, өзімнің пікірімше, бұл кісі тікелей әрекеттің, тікелей іс-қимылдың қайраткері болған.

Мәмбет Қойгелдиев, тарих ғылымдарының докторы, профессор: Сол кезде Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы өзінің мақаласында айтады: Орынбордағы үш жігіт, үшеуі газет шығарып жатыр, қазақтың басын біріктірsem, қазақтың басын қоссам дейді, содан бірдеңе шығар ма екен дейді. Бұл сурет 1914–15 жылдары түскен сурет, Орынборда түскен.



Бұл үшеуінің ішіндегі ең үлкені Әлекең. Әлекең бұл суретте шамамен 48–49 жаста. Ахаңмен екеуінің арасы 4 жас. Әлихан Бөкейханов 1866 жылы туған, ал Ахмет Байтұрсынов 1870 жылы туған. Ішіндегі ең жасы Міржақып Дулатов. Бұл шамамен 28–29 жастағы кезі.

Кеңес Нұрпейісов: Осы үш қайраткердің өзі ХХ ғ. басында қазақтың саяси санасын ояту ісінде бірінші кезекте қызмет атқарды. Жойылған хандық мемлекет, соларды қалпына келтіруде бұлар реформаторлық іс-әрекет арқылы жүзеге асыруға тырысты. Осыған байланысты 1913 жылы Орынборда Ә. Бөкейхановтың идеясымен Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов жүзеге асырған қазақтың тұңғыш жалпыұлттық съезі «Қазақ» газетін шығарды. Бұл газет сол партия құрылған 1917 жылдың шілдесінен бастап партияның ұранына айналды. Осы «Қазақ» газетіне дейінгі кездің өзінде Міржақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсынов жекелеген еңбектер жазып, қазақты саяси тұрғыдан ояту, қазақ халқының арасында патшалық Ресейдің отаршыл саясатына қарсы қозғалыс ниетін қалыптастыру, саяси қала қалыптастыру ісінде ерен еңбек етті. Оның жарқын көрінісінің бірі 1909 жылы жарияланған Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» деген өлеңдер жинағы болды. «Оян, қазақтан» алынған сөздердің өзінде «Қазақ, оян сен, жерің кетті, мемлекетің тозды, дінің нашарлады, халқың харам болды, қай уақытқа дейін жата бересің, оян» дейді. Соны Ахмет Байтұрсынов та айтты. «Белің майысуға жақын тұрсың, қай уақытқа дейін жата бересің» дейді. Осы кейін «Қазақ» газетінің беттерінде негізгі тақырыптардың бірі болды.

Мәмбет Қойгелдиев: Әлекең ұлт-азаттық қозғалыстың лидері, көсемі. Мұны Ахмет Байтұрсынов та, Міржақып Дулатов та мойындаған. Екеуі де Әлекеңді аға тұтады. Аға тұтқанда жасы жағынан емес, Әлекеңнің көсемдігі тұрғысынан, Әлекеңнің саясаткер, кемеңгер, ғалым, қайраткер тұрғысынан аға тұтқан. Әлекеңнің осы А. Байтұрсынов пен М. Дулатов туралы берген бағалары бар. Мен соның біріне тоқталайын. Әлекеңнің «Ұят-ай» деген мақаласы бар. Сол мақаласында Әлекең мынадай мысал келтіреді. «Салтықов-Щедриннің бір әңгімесі бар. Сонда аққу мен шошқа екеуі сөзге келеді. Сонда шошқа айтыпты: «Ей, аққу, сен күн бар, күн бар дейсің, сол күнді мен неге көрмеймін», – дейді. Сонда аққу айтады: «Шошқа, сен күнді көре алмайсың, өйткені құдай сені төмен қаратып жаратқан, ал күнді көру үшін жоғарыға, аспанға қарау керек», – дейді. Сонда Әлекең айтады: «Шырағым Ахмет, шырағым Жақып, сен екеуіңнің қызметің халық үшін жаралған қызмет, болашақта күнді көретін ұрпақ сендердің бағаларыңды береді, жарықты көретін, жақсылықты көретін көзі ашық ұрпақ келеді, сонда екеуіңнің бағанды береді», – дейді.

Кеңес Нұрпейісов: Бұл кісілер революционерлерге қарсы болған адамдар. Бұл кісілердің теориялық көзқарасы, мына «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасын жасады ғой, қарашаның 21-і күні «Қазақ» газетінің 17-санында жарияланды. Сонда 5 бап бар, мемлекеттік құрылыс қандай болу керек, жер мәселесі қалай шешілу керек, дін мәселесіне қалай қарау керек деген мәселелерге бас-аяғына қарасаңыздар, сол қазақ қауымын ғасыр басында қалыптасқан жағдайға байланысты өркениетті елдердің қатарына реформа жолымен жүргізу керек деді. Осы уақытта бұл кісілер көптеген жұмыстар істеді. Әлекең, мысалы, 1913 жылдың өзінде Кацелевскийдің редакциясымен монографиясы Петерборда шықты, сонда «киргизи» деген, «қазақтар» деген сөз ғой, үлкен монографиялық мәндегі мақала жазды. Сонда Әлекең айтады: «Біздің қазақ қауымында қазір саяси партия жоқ, бірақ екі партия құру тенденциясы бар, оның біреуі демократиялық тұрғыдағы басқа да партия болуы мүмкін. Шынында да, солай болды да шықты. Әлихан Бөкейханов соңғы топтасқандар қазақтың ұлттық демократиялық «Алаш» партиясын құрды, ол кадеттің филиалы емес, кейбіреулер айтып жүрген, бірақ кадетке ұқсас қазақтың өзінің әлеуметтік, саяси т.б. ерекшеліктерін ескерген демократиялық партия болды. Ал Түркістанда мұсылман діні басымырақ жүрді, «Шора-и-Исламия» партиясын құрды.

Мәмбет Қойгелдиев: Әлихан Бөкейхановтың Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовпен қатынасы соншалықты жақын болғандығы, соншалық терең болғаны, бұл үшеуінің бір-бірін керемет түсінгендігі, бұл үшеуінің одағы, үшеуінің достығы, қазақ ұлт-азаттық қозғалысына бағыт-бағдар бергендігі, қазақ ұлт-азаттық қозғалысын жаңа сапаға, жаңа кезеңге көтергендігі, соны айғақтайтын сурет – бұл сурет. Сондықтан бұл сурет біз үшін, қазақ зиялылары үшін ыстық сурет. Бұл бүкіл XX ғ. тікелей қатысы бар сурет деп ойлаймын.



Алаш арысы Қошке Кемеңгерұлы

Гүлнәр Кемеңгерова, Қошкенің немересі: Мен Қошке Дүйсебайұлы Кемеңгеров атаның тұңғыш немересі болам. Ол кісінің ұлы Нармамбет, сол Нармамбеттің үлкен қызымын. Кемеңгерұлы Қошкенің арғы тегі, бабалары Сарыарқаның сұлу Баянынан шыққан. Кемеңгер бабамыз 1849 жылы Баяннан Омбы маңына көшіп келіп, Ертістің сол жағында Қаржас ауылының қазығын қағады. Кемеңгердің екі ұлы болады. Дүйсенбай мен Дүйсебай. Дүйсебай Қошкенің әкесі. Дүйсебай сауатты адам болған деп естиміз. Ол кісі кезінде 1905–1910 жылдары Меккеге барып, қажы



1920 ж.

атанған. Ол кісінің бес ұлы, үш қызы болыпты. Сол балаларының ішінде Қошке атамды Омбыға оқуға жіберіп, оқытқан кісі.

Дидахмет Әшімханұлы, жазушы, «Алаш» баспасының директоры: Мына өткен ғасырдың 20–30 жылдары өмір сүрген алаш арыстарының қайсысы болмасын, тағдыры өте күрделі екені белгілі. Соның ішінде Қошке Кемеңгерұлының да тағдыры тіпті бөлек. Ол кісі негізгі мамандығы дәрігер, одан ары қарай жазушы, журналист, педагог, ғалым және осы ғылымның әр саласына бөліп кете берсек, бұл кісі кез келгеніне еңбек сіңірген адам ғой. Жалпы аты белгісіздеу болғанымен де, кейінгі Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптарға қарағанда, бұл кісі ертерек ақталып кетті. Мысалы, 1965 жылы бұл кісінің «Алтын сақина» деген кітабы сол кезде шығып қойған болатын. Бірақ, неге екені белгісіз, әртүрлі себептермен кейінгі жылдары аты белгісіздеу болды.

Гүлнәр Кемеңгерова: Омбыда ауылшаруашылық мектебін бітірген. Одан кейін 1920–1924 жылдарда Омбының медицина институтының санитарлық факультетінде төрт жыл оқыған, сосын Ташкентке ауысып, Орталық Азия университетіне сырттай аспирантураға түсіп, сол 1930 жылы Мұхтар Әуезов екеуі бірге оқыған, дос болған, одан ұсталып, Алматының түрмесіне қамалады.

Дидахмет Әшімханұлы: Мен басқарып отырған «Алаш» баспасы, ол кісінің үш томдық шығармалар жинағының екі томын биыл шығарып қойып отырмыз*. Құдай қаласа, келесі жылы үшінші томын шығарамыз. Осы үш томдық шығармаларының бәрі біздің көз алдымыздан өтіп отыр. Біз дайындап отырғанда, көзіміз бір дүниеге жетті.

* 2005 жылы.

Бұл қайран қалатын талант, өте сирек туатын өнер иесі екен. Оның қай салада болмасын, мысалы мына бірінші томына кірген «Қазақ тарихынан» деген еңбегі бар. Сол шығарманы оқып отырғанда, ұланғайыр фактілерді қайдан алған деп қайран қаламыз. Сол ғылыми түрде жазылған дүниенің өзінде, мына көркем прозалар пайдаланатын қазақтың тілінің ең қаймақты, шырайлы, ғажап тілін айнала берген. Сөздері өте бейнелі. Ал сонан кейін «Езілген ұлттар» туралы шығармасы бар, көлемі 2–3 баспалық деңгейде үлкен ғылыми еңбек. Ал сол ғылыми еңбекті байқасаңыз, бір жағы психолог, бір жағы демограф, бір жағы экономист, бір жағы социолог ретінде көрініп отырады.

Гүлнәр Кемеңгерова: Мәскеуде 1925 жылы жеті кісі құрастырып, сол кісінің басшылығымен «Қазақша-орысша сөздік» шығады. Сол сөздік биыл 80 жылдан кейін қуанышымыз қойнымызға сыймай қайтадан оралды. Жуырда Астанада «Қазақша-орысша тілмаш» шығып отыр. Құрастырған ғалым, профессор Діқан Қамзабекұлы мен менің әкем Нармамбет Кемеңгеров. Тағы айтатыным, 1928–1929 жылдары Ташкентте, Қызылордада жұмыс істеп жүргенде оқу құралын шығарады, еуропалықтарға арналған екі бөлімнен тұратын оқу құралы. Орысша айтқанда, «Учебник казахского языка в двух частях для европейцев». Сол оқу құралы да биыл үш томдық шығармалар жинағы болып шығайын деп отыр.

Дидрахмет Әшімханұлы: Осы бірінші томына кіретін пьесалары бар. Бұл кісінің «Алтын сақина» деген шығармасымен 1926 жылы 13 қаңтар күні Қызылордадағы қазақ театры ашылады. Бірақ соңғы жылдары әртүрлі жағдайларға байланысты, бұл кісінің атымен емес, қазақ театрының тарихын Мұхтар Әуезовтен бастайды ғой, ол шындығында барлығына белгілі Қошке Кемеңгерұлының «Алтын сақинасымен» ашылады. Бұны еш уақытта ұмытпауымыз керек. Енді санаулы күндерден кейін 13 қаңтар күні қазақ театрының 80 жылдығы болады. Бұл тікелей Қошке Кемеңгерұлымен байланысты дүние. Қошке Кемеңгерұлы туралы 100 рет айтқаннан гөрі, бір том шығармасын оқыса, оның кім екенін жұрт жақсы таниды деп ойлаймын. Қошке Кемеңгерұлы қазақтың маңдайына біткен үлкен азаматы. Оны біз ардақтауымыз керек, еш уақытта ұмытпауымыз керек.

Гүлнәр Кемеңгерова: Бірінші Қошкетанушы Гүлсім менің әжем болса, екінші оны жұртқа танытқан, өзімнің ұстазым Рәзия Байахметқызы Рүстембекова туралы айтқым келеді. Ол кісімен біз Жазушылар үйінде бірге тұрдық, әжем екеуіміз көрші болдық. Екіншіден, ол менің ұстазым. ҚазПИ-де оқығанда, сабақ берді. Ғабит Мүсірепов атындағы спецкурсты басқарды. 80-жылдары ақтандақтар ақталып жатқанда, мен ол кісіге қолымдағы бар құжаттарды апарып, айттым: «осы Қошке ата туралы

мақала жазсаңыз», – деп. 1987 жылы ақпан айы болатын. Жарты жыл бойына Пушкин кітапханасында отырып, газет-журналдарды ақтарып, 1987 жылы шілдеде «Қазақ әдебиетінде» «Қаламгер Кемеңгеров» деген мақаласы жарық көрді. Сол кезде Гүлсім әжем дүниеден озып кеткен, 1987 жылы 4 маусымда қайтыс болды. Қабырғасын қалап жатқанда, осы мақаланы зиратқа балалары «сүйінші» деп әкеп бергені әлі есімде. Атамыз үш рет репрессияға түсті. Бірінші ұсталғаны 1930 жылы, Алматының түрмесінде екі жыл отырады. Содан кейін 1933–1935 жылдары Украинаға айдайды, онда отбасымен тұрады, екі қызы, Гүлсім әжемізді бірге алып, Волока деген қалада екі жыл болады. Сосын 7 тамыз, 1937 жылы ұсталынып, 17 қарашада сот болады, бес күннен кейін 1937 жылы 21 қарашада Омбыда атылады.



1910 ж.

Алаш қайраткері, алғашқы агроном Сатылған Сабатаев

Марат Әбдеи, зерттеуші: Ұлы Абайдың өмірден өткеніне биыл 100 жыл толды. Оның өлеңдерінің ең алғаш рет орысша басылып шыққанына да 90 жыл болды. Енді осы ұлы Абайдың өлеңдерінің орысшаға басылғанына 90 жыл толғанда, оны кім аударды? Негізіне келетін болсақ, 1914 жылы Мәскеу қаласында «Восточный сбор әл-жақият» деген жинақта Абай мен Міржақып Дулатовтың өлеңдері алғаш рет орысша басылған болатын. Сонда осы өлеңнің аяқ жағында аударған адамдардың аты-жөндері жазылған. Бірінші Сатылған Сабатаев, екінші Нұр Рамазанов деп жазылған. Бұл Сабатаев деген кім? Сабатаевтың